

Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназиясы



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Қазақстанның ертеңгі
болашағы – біздер ...

Үкілі үміт таймасын халқым басыңнан,
Мол бақыт күтем жас ұрпақ сеннен жасырман.
Басқаны қайдан ұлылық күтем өз басым,
Басталған мынау бәйтерек жаңа ғасырдан.

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең
ұрпағымен байланыстырады.

Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы,
кезең тынысы болады.

XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған
бақыт.

“Қазір бой жарыстыратын
заман емес, ой
жарыстыратын заман”

Н.Ә.
Назарбаев



Ел боламын десен, бесігіңді түзе,-дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек қой. Ал барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында. Елбасымыздың Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр,- деп , жастарға зор сенім мен үміт артып отыр.

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір»,- дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік- экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық- саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Экспо 2017 көрмесі







Н а қ т ы
қ а д а м

5 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМА
100 НАҚТЫ ҚАДАМ



КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА КЕМЕЛ ҚАЗАҚСТАНДЫ
ТАБЫСТАУ - БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ПАРЫЗ



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

Елімізде Елбасымыздың саясатымен көптеген жобалар жүзеге асырылуда.



Қорытынды

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек.

Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Ендігі біздің мақсатымыз – жақсы білім алып, өмірде, еңбекте жақсы жетістіктерге жету.